

Академик Кенжеғали МЕНҒӨМІР БОЙЫ



мектепті күміс медальге бітіргенімді айтып, экономика-философия факультетіне емтихансыз қабылдандым. Бастапқыда экономика дегеннен гөрі, философия деген атауы көбірек ұнағандай болды. Бірақ, түптеп келгенде экономика факультетінен бір-ақ шықтым. Оу бастағы өкініштің басылғандай болды. Алғашқы сессияны да «өте жақсы» деген бағамен аяқтадым. Үшінші курста екінің бірінші қолы жете бермейтін Ленин стипендиясына іліктім.

— Солай бола тұра бірінші семестрден соң оқуды тастап, екі ай сабаққа бармай қойдыңыз...

— Жұмыс істедім. Ақша тауып, Мәскеуге оқуға кеткім келді. ҚазҰУ-дегі оқуымды жайына қалдырып, екі-үш аламанмен бірігіп түпкінен көмір түсіріп жүргенімді ауылдағы немере ағам естіп қалып, өз ренішін білдіріп, хат жазып жіберіпті. Университеттің комсомол комитетінің де талқысына түстім. Оқудан шығаруға бұйрық та дайындап қойыпты. Себебін сұрап, сұрақтың астына алды дейсіз. Сессияны кілен беске тапсырғанымды, Мәскеуге оқуға кеткім келіп жүргенімді білген комиссиядағылар ақылдарын айтып, қатан сөгістеріп келіп, мені оқуда қалдыратын болды. Мен де сабама түсіп, экономиканың өмірге керек ғылым екенін түсініп, сабағымды қаулап оқи бастадым. Оқыған сайын экономика мені өзіне баурап алып кете берді де, ол бүкіл өмірімнің арқауына айналды. Ал сол комсомол жиналысында менің мәселемді қарап, талқыға салуға қатысқан профессор-экономистер Кенес Бердалиев пен Каби Ақаевпен достармыз, әлі күнге дейін араласып тұрамыз. «Мәскеуге қашан кетесің?» деп көрген сайын әзілдеп қоялды.

— Мәскеуден білім алудың сәті түсті ғой ақыры...

— Иә, солай болды! Алайда, бұл арманым да бірден орындала қалған жоқ. Университетті бітірген соң осы оқу орнына сабақ беруге қалдырылдым. Ол кезде Мәскеуде білім алудың өз тәртібі болатын. Сол кездегі одақтас республикалардан қай мамандықтар бойынша қанша аспиранттар қабылданыптығы алдын ала жасалатын есеппен жүргізілетін. Мәскеудің сол есебінің реті қашан келер екен деп бірнеше жыл күттім. Мұндай мүмкіндік жуық арала туа қоймасын білдім де, Мәскеуге

өзім бардым. Сондағы А.Н.Плеханов атындағы Халық шаруашылығы институтында аспирантурада білімдімді шыңдадым. Кейін докторлық диссертациямды да Мәскеуде қорғадым.

— Сіз Алматыдағы халық шаруашылығы институтының, қазіргі Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің негізін қалаушылардың бірісіз. Он жыл бойы бірінші проректор болдыңыз. Онан кейін өз ғұмырыңызда Целиноград ауыл шаруашылық институты, Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті, Халықаралық бизнес университеті сияқты төрт бірдей жоғары оқу орындарының ректоры болдыңыз. Айтқызышы, осы оқу орындарыңыздағы қай ректорлығыңызды қымбат санайсыз?

— Бәрі де қымбат маған! Осы күндері өзім қызмет еткен барлық оқу орындарында өткен өз күндерімді ыстық бір ықыласпен еске аламын. Алматыдағы сол кезде «нархоз» дейтін, ал қазіргі Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінде он жыл бойы бірінші проректор қызметін атқардым. Барымды салып жұмыс істедім. Біздің атқарған жұмысымыз сол кездегі Кеңес одағына үлгі болып жатқан. Ұйымдастырушылық қабілетімді танығандықтары шығар, екі рет республикамыздағы институтқа басшылыққа шақырды, алайда, өзім ыңғай бере қоймадым. Содан, үшінші рет Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне тағы да шақырып алып, Целиноградтағы ауыл шаруашылық институтына барсыз делі. Бұл жолы талаптың нақтылы қойылып отырғандығын сездім. Ол кезде біз де – коммунистік! Партия қайда жіберсе, сонда бару керек. Ақыры келісімді беріп, бұрын-соңды қорғеген жерім болса да, Целиноградқа келдік қой. Туған жерім Торғайға да жақындығы көпшілікті орнатқандықтан. Несін жасырайын, туғаныш ректорлық жұмысым болғаннан кейін бе екен, Целиноградтағы жылдары аса ыстық сезіліп тұрары бар. Білмейтін мәселелерім де көп болатын. Күндіз қызметімді атқарып келем де, түнін біт уақына дейін ауыл шаруашылығы мамандықтарына қатысты кітаптар мен оқулықтарды ақтарамын. Институттың оқу базасы да, ғимараттары өте нашар еді. Мәскеуге бағынатын кез, бәрін де сол жақ шешеді. Өбден жүдеу тартқан оқу базасымен ауыл шаруашылығы үшін білікті кадрлар дайындау мүмкін еместігін дәлелді пікірімді айтып, Мәскеудегі одақтық Білім министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігіне хат жазуым, баруым болдым. Арыз-мұңыма құлақ аса қояр олар жоқ. Өзге де талай бір есіктерді тозыруға тура келді. Аламын таусылған соң, Қонаевтың қабылдауына сұрадым. Сөйлесіп отыруға уақытты бола қоймас деп, парақтың үштен бір бөлігіне «Ауыл шаруашылығы институттарының жағдайы» деген ой-пікірімді жазып алып бардым. Ауыл шаруашылығы үшін кадрлар дайындайтын Қазақстандағы институттың жағдайын Ресей, Украина, Өзбекстандағы оқу орындарының жайымен салыстырып, көрсеткен болатынмын. Димекен ғалым кісі ғой, қағаздағы мәліметтерге қарап, «Бәрінен кенже қалып қойғанымыз қалай болғаны?» деп телефон арқылы ЦК-нің ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығымен сөйлесті. Менің атымаң хат жазыңдар делі. Бүкіл одақтық ауыл шаруашылығы министрі Месіцке мені қабылдасын деп хат жазысып

Қазақ оқымыстысы Кенжеғали Әбенұлы Сағадиевтің даңқы дүние жүзіне несімен мәлім? Қазақстанның ғылымы мен жоғары оқу орындары тарихында бір адамның қатарынан республиканың іргелі деген Целиноград ауыл шаруашылық институты, Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті, Халықаралық бизнес университеті сияқты төрт бірдей жоғары оқу орындары және Ұлттық ғылым академиясының басқарушымен бе, жоқ әлде Қазақстанның жоғары заң шығарушы органы Парламент Мәжілісіне екі мәрте депутат болып сайлануымен бе? Жоқ, бұлай болмаса керек-ті.

Ойткені, мұндай жағдайлар тапсырмалылықтың дәлосы үрдісте қайталанбағанмен, болған да шығар? Қарапайым ауыл баласының академиктік, мемлекет және қоғам қайраткерлігіне дейінгі жүріп өткен жолынан ең әуелі академик Сағадиевтің ойшылдығы мен пайым парасатының тереңдігін және де кез келген мәселе бойынша өз пікірін, кейіннен сонысына келісерліктей етіп ашық та нағымды әрі иланымды айта білетін өзіне ғана тән ерекшелігін көреміз. Және де ойлы сөзін ішіне бүгін те қалмайды. Мұнысы кез келген мәселеге жаны аши білетін тағы бір қайталанбас қасиетінде жатқандай. Бұл Сағадиевтің нағыз ғалымдығының бір қыры болса, ел мен мемлекеттік мүддені бәрінен де биік, бәрінен де қасиетті санап тектілігінде жатқандай болып сезілері бар. Осы бір ой академик ағаға қояр алғашқы сауалды алдымызға тарта бергені де болды.

— Аға, сіздің тамырыңыз Алаш қайраткері, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының тегінен тартады делі ғой?

— Ата тегім соны айтады. Бұл жағын жіпкепеш шағып бермей-ақ қояйын. Бізге жараспас! Ал енді өзім өскен өлкенің сағым ойнаған сар даласы, сарқыраған өзені, мөңдіреген көлдері, ойдым-ойдым орман-тоғайлары көз алдыма мәңгілікке қалып қойғандығы бар. Қоңе Торғай даласындағы Жылалышк өзенінің арғы-бергі жағалауы, Құмарал мен Сартүбектің айнала көмірген жасыл шалғынды нулы көлі... Мен үшін жұмыр жердің жұмағы – өз туған жерім. Бәлкім, менің осы бір ең алғашқы дүниеуаи сүйенішілігім мен құтқаратын осынау өлкеге деген шып ынтызарлықтан бастау алған да шығар.

Мен атақты Торғай өлкесінің Жангелдин ауданындағы №1 ауылында дүниеге келгенмін. Осы өлкенің арғы-бергі тарихын да оның жерінің болсын, оған қалды өзек-көкелерінің жайың да, тарихын да көшілігіміз әлі жете біле де бермейміз.

Әкем жарықтық жеті жасар кезімде Сартүбектегі қорымға ертіп өкелгені есімде сақталып қалыпты. Аруақты қадірлейтін қазақтың ескі нанамы бойынша бабалар рухына құран бағынатын, бет сипай отырып, еңді ғана мекетке барғаны жүрген мені әкем үлкен өмір сапарына осылайша аттандырып еді. Сол жолы осы қорымда жерленген Байтұрсын, Ақтас, Ергазы, Қали есімдерін алғаш рет естіген едім. Байтұрсынның Ахметі туралы да аз-мұз естігені осы жолы болды. «Ахан деген ол кім, әке?» деп сұрадым. «Жарықтық Ахан, бүкіл қазақтың, бүкіл алаштың Аханы ғой! Балам-ау, мен білетін арғы-бергі қазақта Аханаң артық кім дүниелен өтті екен?! Заман түзелер, уақыты да келер әлі! Сен де өсерсің! Аханың қандай адам болғанын толық білесің әлі! Ұлым, сен осы Ахмет атаңдай болсаң, арманым болмас еді», деген әкемнің күрсіне айтып бір ауыз сөзі осы күндері санамда қайта жаңғырғандай болады.

— Бүгінгідей әлем таныған білікті ғалым әрі қайраткер болып қалыптасуыңызға сол орнаның әсері тиді не ойлайсыз ба?

— Әрине! Адам баласына көптеген жақсы қасиеттер аныаң сүтімен, әкеңіз қанымен дарпандығы бар. Айнала дүние мен қоршаған ортаның ғағайыптарын енді сезініп, енді таң бастаған шақта әкем Сағадиевтің зердеме құйып, үйреткендері көп болды. Өкүмірнім сол үйреткендері күні бүгінге шейін өз ғұмырыма азық та болып келе жатқан сыйайлы. Аспан әлемінің жымияндаған сансыз жұлдыздардың құпия сырынан бастап, ең даланы өрлей ескен жердің де, шын тарта, ызбарлана соққан ала құйын боранын да бағытын анықтай білуге дейінгі қазақи жұлдызнама, яғни, бүгінгі астрономияның да әліппесін мен өз әкемнен үйренгенмін.

Академик ініміз Кенжеғали Сағадиев – қазақ халқының қазіргі ұлы перзенттерінің бірі. Оның есімі дүние жүзіне танылам. Бұрынғы Кеңестік Одақтағы ең мықты экономист-ғалымдардың бірі болғанын жақсы білеміз. Мен кезінде Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің екі мәрте депутаты болып сайланғанда, Алматыға барған сайын әріптестерім Кеңескеңді үлгі ететін. «Сіздің жерлесіңіз Кенжеғали Сағадиев – Қазақстан Ғылым Академиясының болашақ президентінің бірі» дейтін олар.

Кейін Сайтам Балмуханов бастаған бір топ академиктер біздің Иманов атындағы совхоздың Ағаштықкөл бөлімшесіне қарасты Байдулет елді-кентенінде демалыс орнында 2 аптадай демалғаны есте. Сол жолы Сайтам Балмуханов бастаған академик ағаларымыз да «Біздің Кенжеғали ғұлама ғалым, асыл азамат, білімді де білікті басы, болашағы жарық. Бұл түбі – Қаныш Сәтбаев отырған Ұлттық Ғылым Академиясының президенті болады дегенді

Бес жасымынан бастап желмен жарысқан небір жүйріктердің ат басына мініп, талай бір қиулық байгеге қатысқандықтан ба екен, жылқы малы десе көпшілімің алабұртып, тіпті елігіп, делебемнің осы күнге дейін қозып тұратындығы да бар. Менің өмірімнің бес балкери әкем болса, мен де енді өзімді өз ұрпақтарымың, өз немерелерімнің бас балкери сияқты сезінемін өзімді. Жарықтық әкем өмірден ерте озып кетті.

— Жана «әкем Сағали» деп қалдыңыз?..

— Иә, солай. Әбен – әкемнің інісі. Сол кісі асырап өсірді, Әбенұлы деп жазыламын, Сағали есімін фамилияма алдым. Анам Қаламқас мені қырық жасында көтерген екен, сексен беске келіп қайтты. Немерелерім ініскелі. Профессор болғанымызды, ады-келті лауазымды қызметтер жасағанымызды да көрді. Алматыда қызмет атқарғанымда бір жылдай келіп бізбен бірге де тұрды. Үлкен қаланың төрт қабарғалы қарбалас тірілігінің үйрене алмай және де әңгіме-дүкен құратын өз қатырластары болмаған соң, өз үйірген ауылда тұрғысы келді. Иманды болғырлар, олар тұрмыстың да, өмірдің де қиыншылықтарын көр көрген адамдар ғой. Біздің тірілігімізге ыраш шығар деп ойлаймын. Өке-шешемізден үш ұл және үш қыз едік. Қазір сол бауырларымның өзімен екі жас үлкен апама ғана бар. Бала-шағасымен Астанада тұрады.

— Сіздің бірінші білесен деген құтқаратыныңыз үлкен ғылымға алып келгендей екен?..

— Солайы, солай болар! Ал енді 1955 жылы Қостанай облысындағы Өлеңкөл ауданындағы орта мектепті күміс медальмен бітіріп, аттестатымды қолыма алғаннан кейін «Біздің әулеттен әлі бірде-бір адам жоғары білім алған жоқ, сен оқы!» деп үйдегілер бар жиган-тергендерін қолыма ұстапты, мені Алматыға жібермек болды. Елдің енді елі мені жинап келе жатқан кезі ғой. Сол кезде Мәскеуден бір инженер келіп, бізді Мәскеудегі түсті металдар және атып институтында оқып, осы салаңыз мамандары болуға үгіттеді. Айтқан әңгімелері де қатты әсер етті. Ол кезде тау-кен инженерлері дегеніңіз, армия генералдары сияқты не бір оқалы, сәнді киімдер киіп жүретін. Осылайша, мен де инженер болып келді. Оның үсті-не физика мен математика пәндеріне жақсы едім. Мәскеудегі құрыш балкыту институты жайлы естіп, құжаттарымды сол оқу орнына салып жібердім.

Мәскеуге аттанбас бұрын әкем екеуіміз бабалардың басына тәу етіп, Ақкөлдегі ағайындардың бағасын алып қайтайық деп жолға шықтық. Үйге қайтар кезде табан астынан Қабырға өзені тасып, жолда тіраз күн аялдай тұруға тура келді. Оқудан кешіктім. Осылайша, Мәскеу көзден бір-бұл ұшты. Содан Алматыға тарттым. Қолымда ең құжат жоқ. Бәрі де Мәскеуде! Алып ұшып, Алматыға жетіп, сол кездегі С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры Аскар Закиринге кіріп, жағдайды түсіндіріп,

АЛАШТЫҢ АБЫЗ АҚСАҚАЛЫ

айтты. Мен таң қалдым. Таңғалғаным – астанада да, ауылда да әлгілердің бірінші аузына бірі түкіріп қойғандай бір пікірге болғаны еді. Кенжекеңді біздің совхозымыздың директоры Жаскылық Ғайсын де ерекше бағалады. «Кенжекең күні кеше ақталған Ұлы Ахмет Байтұрсынұвының ұрпағы. Тегіне тартқан тараң» делі.

Міне, бүгінде сол айтылғанының бәрі жүзеге асты. Кенжекең Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Ұллық Ғылым Академиясының Президенті болып сайланды. Бірнеше Университетке ректор болды. Оның ғұлама ғалым екенін әлем мойындады. Екі мәрте Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланды. Дәл осы қызметінде Кенжекең Торғай аймағына ерекше қамқорлық көрсетті. Бөліп-жарған жоқ. Арқалықта да,

Аманкелді де, Торғайда да бірнеше жана мектептер мен балабақшалар салдырды. Парламент Мәжілісінің экономика комитеті басқарған ол Торғай аймағына қыруар қаржы бөлідріп, көптеген білім, тәрбие ошақтарының салынуы қамтамасыз етті. Атап айтқанда, Аманкелді селосының орталығындағы «Қаламқас», «Жұпар» балабақшалары мен Күмкешуегі, Уштоғайдағы орта мектеп құрылыстары осы Кенжекеңнің қайраткерлігі арқасында салынған ғимараттар. Мұндай ғимараттар Арқалықта да, Торғайда да көптеп салынды. Кенжекеңнің туған халқына деген қамқорлығын Торғай аймағы халқы ескешан ұмытпайды. Соның ішінде біздің аманкелділіктер де әрайым есте сақтайды. Мұның айқын бір мысалы: Кенжекең «Аманкелді ауданының Құрметті азаматы» атағының берілуі! Аудан халқы бұл қуанышты

хабарлады бірауыздан қолдады.

Әрине, Кенжекең – тек Торғайдың ғана перзенті емес, ол бар қазақтың мақтанышы! Қазіргі таңда тұңғыш Елбасымыз – Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың сенімді серіктерінің бірі де Кенжекең болып отыр! Елбасы Кенжекеңді үнемі қабылдап, әңгімелесіп, пікірлесіп, ой бөлісіп, ақылдасады. Мұны біз қолдәлікті теледидардан көріп, радиодан естіп, баспасөзден оқып отырамыз.

Кенжекең 75 жасы – ел тойы! Інімізге аудан халқы атынан зор денсаулық, бақытты ұзақ өмір, еңбекте табыс тілеймін. Ғұлама ғалым атаған Кенжекең өмірге жамандық көрмей, тек жана жасшылыққа кенеле берей! Ол Алаштың қазіргі абыз ақсақалдарының бірі! Алатағала оған не тілеген тілегін берей!

Сейітхан СЫЗЫҚОВ, тыл және еңбек ардагері, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Үрпек ауылдық округі.

САҒАДИЕВ: ІЗДЕГЕНІМ – БІЛІМ

берді. Алматыдан Целиноградқа оралғаныма екі күн болмай жатып Мәскеуге шақыртып. Келсем, бұдан бұрын айтқан жайларымды жүрлім-барым тыңдағандар енді зыр жүгіріп жүр. «Политбюроның» араластырағыңыз не деп қояды? Алайда, не керек жүйкемізді жұқарта жүріп, көрегімізді алдық кой. Ректор болған сол сөзге жылда институттың ғимаратын салдық. Оқу корпустарын, мал дәрігерлік клиника тұрғыздық. Қала тұрғындары осы біздің клиниканы қызықтан, қарауға келетін. Осылайша, институттың материалдық-техникалық базасы екі есеге ұлғайып, жаңғыртылды.

— Сағадиевтің бастамасымен сексенінші жылдары Кенес одағы бойынша ашылған алты биотехникалық орталықтың бірі осы Целиноград ауыл шаруашылығы институтында құрылғаны айтылады...

— Солай болғаны рас. Алайда, әлі күнге дейін осы бір істің өкініші де бар. Сол биотехникалық орталық 1985 жылы құрылды. Жұмысын алға жылжыта алмадым. Өз тарапымаңан ынталды да, күш-жігерімді де салып, ойларымды нақтылап көргеніммен де, біздің орталықтың ғылыми-зерттеулері қолдау таппады. Малды, дөңді-дақылдардың түсімін қалай көбейтуге болады деген мәселені дендеп зерттеуді көкесп жүретімін. Биотехнология жетістіктері қолданған елдер көп алға қарыштады. Ол кезде Кенес одағы бойынша кешенді зерттеулер жүргізетін курал-жабдықтар да болмады. Кенес өкіметі ондай технологиялар шығара да алған жоқ. Бұл орасан көп қаражатты қажет ететін жоба еді. Егер де сол тұста биотехнологиялар зерттеулерді қолға алып, оның нәтижелерін қолдана білгенімізде, экономикамыз көп ігері жүретін еді. Өзімізге керек қалпырды өз институтымыздан таптық. Мәскеу арқылы шетелдерден алғанымыз алынған технологиялармыз да болды. Жеке ғимарат та берілген. Отыз нәтижелі жұмыс жүргізе бастап едік. Бидайдың ғана жаңа 4 түрін шығардық. Біз «пробиркадан» бұзау да алдық. Ол бұзау Целиноградтан кеткеніме бар болатын. Малдың асылына қарсы дәрі де ойлан таптық. 90-шы жылдары менен кейінгілер осының бәрінен де айырылып қалды. Егер сол ізденістерімізді тоқтатпаған болсақ, осы күндері ғылыми жетістіктеріміз талай бір жерге барып та қалатын еді...

— Бидайдың жаңа бір сорты «Кенжегали» деп аталған екен ғой?!

— Мен кеткеннен кейін бір топ ізденушілер бидайдың жаңадан алынған бір түріне атамды берген екен. Институт ғалымдарының менің еңбегіме берген бағалары ғой деп ойладым. Риза да болдым!

— Целиноградта жүргенде тыңдырған үш ісім болды деп айтуды екенсіз? Үшіншісі не болды?

— Тының игеріле бастауымен сол тұста жалпы еліміз бойынша қазақтардың саны күрт азайып кетті. Бұл, әсіресе, солтүстік өңірлерінде жергілікті халқының ұлттық болмыстарына ауыр тиді. Түрлі қызметтерде, тіпті жоғары оқу орындарында білім алудың өзінде қазақтар азшылыққа айнала бастады. Осы жағдайға жаным ауырып жүргендіктен, институтқа қабылданып қазақ жастарын біртіндеп көбейте бастадық. Зерек, оқуға деген ынтасы мен талпынысы бар жастарды іздегіріп, шақыртып алатын едім. Бастапқыда институтта ұлты қазақ дейтіндей оқушылар да саусақпен санарлық болды. Солардың қатарын толықтыра бастадым. Бұл, әрине, Мәскеудің құлағына тимей де

қалған жоқ еді. Күндердің бір күнінде үлкен комиссия да келді. Мәскеуге жіберілген «ломалақ» арыз бойынша тексерушілер келе жатқанын біліп, біз де алыны ала дайындала бердік. Жалпы, жұмысымыз жаман емес еді. Жетістіктеріміз де бар болатын. Бүкілодақтық ауыспалы Қызыл Туды да жеңіп алғанбыз. Советтік Қазақстан тарихында бұл тулы жеңіп алған екі институт қана болса, соның бірі біз едік. Мәскеу бұл жолы қаһарлана келетіндігін сезім де, жедел бір топ қызметкерлерімді Қазақстанның солтүстігімен көрішпес жатқан Тюмень, Новосібір, Омбы, Свердловск ауыл шаруашылық институттарындағы студенттердің шаруасы қазақ, қаншасы басқа ұлт дегендей, ақтар жинап алып келуге іссапарға жібердім. Алдың ала барлық ректорлармен хабарласып, қажетті осы мәліметтерді берме көмектесулерін сұрадым. Қысқасы, қолыма тиген мәлімет бойынша, Ресейдің осы ірі ілгері төрт бірдей институттарында оқып жүрген барлық студенттердің 93 пайызы — орыстар, 1,2 пайыз ғана қазақтар болып шықты.

Күткеніміздей, комиссия да жетіп келді. «Сіздер маған ұлтшыл деп кіно таққалы келіп отырсыздар. Ал, мен болсам, сіздердің саясаттарыңызды түсінбеймін. Тіпті ренжуге де бармын», деп бірден қарсы шабуылға көштім. Қолымдағы мәліметтерді алдырына қойдым. «Жергілікті халық қайда барып білім алады? Біз өз институтымызда қазақ жастарының білім алуларына жол ашып отырғандығым рас, мұнда ешқандай да ұлтшылдық жоқ. Отанымызға миллиартап астық, миллиондаған мал өсіріп, соның етімен де, сүтімен де сіздерді асырап отырған Қазақстан өзінің ауыл шаруашылығына қажетті мамандарын қайдан алатын болды?» деп қайтғы сөйлеп едім, мыастары басылып сала берді. Қандай жағдай болса да, жұмысыңды адал, жақсы атқарсан ешкімің де саған тиіс баптыңды екен. Бұл менің осы өмірімде өз көзім жеткен бір ақиқат.

— Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарын да өзің құрған Халықаралық бизнес университетің бәрінен де қымбат санамайсыз ба?

— Саналы тұмырымда еңбек еткен барлық оқу орындары мен сондағы бірге қызметтес болған адамдардың қай-қайсысы да қымбат маған. Ал енді Халықаралық бизнес университетің жөні бөлек қой деп ойлаймын. Өйткені, ол Алматыдағы Жоғарғы экономика мектебінің негізінде елімізде жаңа дана бастаған бизнестің мамандарын даярлау үшін құрылған жеке меншік жоғары оқу орны болатын. 2001 жылы осы Халықаралық бизнес университетіне президент болып сайланғанға дейін, бұрынғы Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылық және Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институттары бірігіп, Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті болып қайта құрылғанында, соған ректор болдым. Бір кездері осы іргелі екі жоғары оқу орындарын бірегей білім ордасына айналдырып, оқу үрдісін түбегейлі заманға сай жанартық. Оқушылардың білімін көтеріп, шетелдік серіктестермен байланыс орнаттық. Алайда, осы аграрлық университетте бизнес, кәсіпкерлікке бейімделген мамандар даярланған жоқ. Шетелдің өзге оқу орындарымен қарым-қатынас та жолға қойылмады. Ал сол оқулықтар мен максаттарымыз бизнес университеті арқылы жүзеге асырдым ғой деп ойлаймын. Бизнес мамандарының талпынығын былай қойып, бастапқыда халықаралық бизнес стандарттарына сай

дәріс беретін оқытушыларды табу да қиын болды. Бұл мәселе әлі де бар. Бірақ, қазір шетелге барып, тәжірибе жинақтап, сонымен бірге, бизнеске қатысты кітап тасып жүргендер көбейді. Қазір кей жағдайда бизнес университетінің 4-ші курс студенттерінің біразын сабақтан таба алмай қалатын кездеріміз болып тұрады. Компанияларға жұмысқа тұрып кетеді. Сабақтан қалма десек те, жұмыс тауып алғандарына іштей қуанамыз.

Бір айтарлық жағдай, біздің халқымыз өзі ішіп, өзі жемесе еді, балам жоғары білім алыса деп отырды. Содан да болар, оқимын деген баласының бетінен қақпайды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, жастарымыздың шетелдерде білім алуына бастамашыл да, қамқоршы да болып келе жатқан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ел болашағын әрілен ойлап, кенінен піше біліуінің арқасында қазір 18-20 мыңдай қазақстандық жастар «Болашақ» бағдарламасымен де, оқу ақыларын өздері де төлеп шетелдерде оқып, білім алып жатыр. Шетелге көп шығамын, солардың деңі қазақтың ұл-қыздары екендіктерін көріп те жүрмін. Соңғы жиырма жыл ішінде шетелде оқыған 250 мыңдай жастар қазір қызметке де араласа бастады. Бұлар тіп де біледі, оқытушы да болып, дәріс те бере алады.

— Қазақстанның қазіргі білім беру жүйесі осы заманың даму үрдісіне жауап бере алатындай болып отыр ма?

— Өзірге талпыныста бар. Соған қуануға тиістіміз. Қараңызшы, сонау тоқсаншың жылдары экономиканың барлық саласы құлдырап қалған кездің өзінде Елбасы Қазақстандағы барлық мектептерді компьютерлендіру мәселесін бірінші кезекке қойып, шешкізі ме, шешкізі ме. Одан соң сол мектептерді интерактивті тақталармен, өзге де озық үлгідегі оқу әдістемелік құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету мәселелерін озың ұдайы назарында ұстап, бұлардың дамуы болуын қамтамасыз ете білді. Елімізде жаңадан жүз мектеп салу жөніндегі Президент бастамашылығы да білім берудің түпкі нәтижесі мен болашағын ойлағандық еді. Егер біз әзірге білімді қоя тұрайық, кейін жағдай жақсарған соң жасармыз деген оймен отыра берсек, дәл бүгінгідей табысқа жете алмас едік. Сондықтан да Елбасының ең ауыл білім саласын реформалау түсірін асқан көрегендігі болатын.

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың 2009 жылғы халықаралық деңгейдегі университет құру туралы жобасына өзі бастамашылық етіп, соған орай Астана қаласында 2010 жылы Назарбаев Университеті ашылды. Бұл дегеніміз, ендігі жерде шетелдің білім беру жүйесіне жүгіне бермей, қазақ елі де әлемге ойлы оқу орындарымен терезесін теңестіре алап бір оқу орнын құру керек еді ғой! Сол болды! Әрине, әзірге Назарбаев Университеті бірден жүз жылдық тарихы бар Оксфорд, Кембридж университеттерімен теңесе қоймас. Ең бастысы, әлемдік білім беру және жаңа технологияларды қазақстандық жастар мен ғалымдарының өз ақыл-ойларымен және өз қолдарымен жасау мүмкіндігі ашылды. Ал, енді жаңа инновациялық зерттеу қызметін жүргізуге бағытталған қазіргі заманға сай күшті ғылыми инфрақұрылымы бар осы Назарбаев Университетінде жасалған алғашқы қадамдар мен ғылыми ізденістер болашақта бұл оқу орнының да аты мен абыройының дүние жүзінде жайыларына сендіреді.

— Елбасының Жолдауында Мәңгілік Ел болу мәселесі айтылды ғой...

— Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Елбасы ұсынып отырған Стратегиялық бағытының басты мұраты осы мәңгілік ел болып қалу екендігін үлкеніміз де, кішіміз де ұғынуға тиістіміз. Бұл жолдағы, яғни мәңгілік ел болу жолындағы міндеттеріміз де, сын-қатерлер де айтылды. Елдің бірлігін сақтап, жұмыла еңбек етіп, терең білім алып, өзіміздің ұлттық қасиетіміз бен бітім-болмысымызды,

сап-дәстүрлерімізді сақтай отырып, өз тілімізде сөйлеп, өз дінімізде болуын оқ қазақ баласының мойнындағы ұлы парыз деп білеміз.

Өз балаларыңыз ата-баба дәстүрін ұстана ма?

— Бағатының данышпандары: «Сенің балаң өзің ұқсап тұмайды, олар өз заманына ұқсап тұады» дегенді айтып кеткен екен. Балаларымың білімі де, ой-санасы да өз заманына сай қалыптасып келеді. Ата-баба дәстүрін де біледі ғой деп ойлаймын. Үлкенді сыйлауды, қамқорлық жасауды, елге жәрдемдесуді біледі. Тарихты да, жеті аталарын да біледі, соларды саналарына сіңіріп отыруға тырысамыз. Олар елге де барып тұрады. Ата-бабаларымыз қайда жатқанын да біледі. Заман әбден өзгерді ғой. Бүгінгі біздің айтқандарымыз бен ұтылдырып жүргендеріміз ертеңгі күні олардың қажетіне жарай ма? Бұл енді тұтас қазақ қоғамының ұстанымына байланысты болмақшы. Үлкен ұлым МГУ-ді бітірді. Ұдайы ғылыммен айналысып келеді. Оныш болып өсті. Философиялық еңбектер жазып жүр. Органш балам — экономист. Совет өкіметі кезінде бірінші рет 43 студент шетелге оқуға кетті. Мәскеудегі АҚШ елшілігі өздері іріктеу жүргізді. Осы үл ешкімінің көмегіне арқа сүйемей-ақ, сол сынақтан өтіп, шетелге жүріп білім алды. Екі жылдан кейін оралып, алған білімін асымып, магистратураның грантын өзі жеңіп алып, оқуын жалғастырды. Сонда қыста қар күреп, жазда бұйырған жұмысын істеп, өзін-өзі асырап, бізге салмағын салмады. Оқуын аяқтап келген соң, Қазақстанда «Фуд-Мастер» компаниясын құрды. Қаражатты да өзі сол жақтан тауып келді. Алған білімі қолға асты. Қазір ортанш үлді өз үкіметке қызмет атқарып жүр. Кенже үлді өз шағын бизнесі бар. Немерелердің үлкендерін өзін тәрбиеледім. Бір кезде әулеттен шыққан жалғыз оққан адам едім. Немерелерім де шетелдерде жоғары білім алып, жақсы жұмыс істеп жүр. Көңілім толады.

— Кеніңі күндерге көз салғаныңызда, өкінер жүйегеріңіз бол ма?

— Өмір тұралы көп толғамамын, сол сәтте кейбір өкінішті жайларды жүрегімді тырмайтынды да бар. Кенес өкіметі тұсында халық жақсы сауаттанды. ғылым құралық десек те, сол кезде замануы экономика құра алмағанымызға өкінемін. Бар істеген шаруамыз жерді үңгіп, қен орындарын ашып-тастап, қазба байлықтарымызды сыртқа шікізат ретінде бере бердік. Өңдеуші өндіріс орындары құрылды. Әлі күнге дейін осының зардабын көріп отырмыз. Кей ауылдарда әлі күнге дейін әлеуметтік мәселелер толық шешілмей келеді. Қазақ ауылдары көркеймей қазақ өркеніте жете алмайды.

— Не алаңдата берсін?

— Желкідеп өсіп келе жатқан ұрпағымыз сыбайластыққа, коррупцияға ауызданып үйренбесе екен деп алаңдаймын. Кейінгілерді осы бір кеселден таза ұтаспақ екен...

— Адам баласын жаңасқа бақырайтын да, адастырайтын да басты қасиеттер қайсы деп ойлайсыз?

— Намыс пен талап деп білемін. Адам боламы дегеннің өз талабы болады. Бағайда арасы 7-8 шақырымдағы ауылға жалғызаяқ жолмен жалаңақ, жалаңбас қатынап оқылдым. Сегізінші сыныпта оқып жүрген кезім болса керек, сол жалғызаяқ жолмен келе жатып, шіркін-ау, үлкен бір оқу оқсам деп армандадым. Сол күн, сол сәт әлі күнге дейін анық көз алдыма. Осы арман, осы талап мені әлі күнге дейін жетелеп келеді. Мен әлі де тынымсыз ізденіс үстіндемін. Менің өмір бойы іздегенім — білім. Мен сол білімді мектептен іздедім, университеттен іздедім, аспирантурадан да іздедім. Ғылымнан іздедім. Әлі ізден жүрмін. Енді өмірден білім іздеп жүрген жайым бар...

— Өңіміңізге рәхмет.

Әңгімесімен Айнаш ЕСАЛИ. («Егемен Қазақстан» газетінен)

... БІР ӘУЛИЕ БІЗ КӨРГЕН...

Қызықпалсаң — әсте оңай олжаға, Еңбекпенен майланысты қанжаға. Алтыауа теңер едім, Ол бірақ — Аласа ғой біліміңнен, Кенже-аға!

Құйылғандай құрыштан зор тұлғасы, Өзгелерден бөлек мүлде самғасы. Бей, Кенже-аға, Теңдесі жоқ ғажайып — Ұлы Аханнның — мұрагері, жалғасы!

Жөні бар-ау осылай деп шалқудың, Аханды еске ап, тебіреніп, толқудың. Кеткен кезде ағылып ол бақина, Ару Ақкөл жағасында сен тудың!

Ұлтың үшін — Ахан-Жахан көзің, Сатбаев пен Бірімжанов тісің, Қазақ елін әлдилеген жырмың, Ұлы Сырбай — Фағұлардың сөзің!!!

Періште емес, бөріміз де — пендеміз, Бір нәрсені анағарыммыз кейде біз... Мисалы оның: бабыңда ұстаған, Нағызаттың ауауы алтын жеңеміз!!!

Бізге де ыстық — өзіндік ой кісі, Ол кісіге — елдің таудай алғысы! Келіңдер болсын дөйміз тағылым, Жеңеміздің мол өнеге-үлгісі!!!

Ауна, бүгін, аға, туған жеріне... Сүйдір беттен — тамыздағы желіне!!!

Балабақша, Орта мектеп салдырып... Жасап жатсаң қамқорлықтар еліңе...!

Өзін жайлы — туып жатыр аңыздар, Өтелуде — перзенттік көп парыздар! Сен — қарыздар болған жоқсың Торғайға, Қайта саған — тұтас Торғай қарыздар!!

Жаһан мынау — жылдан-жылға өзгерген, Оның сырын түсінер ме, кез-келген...? Кемешерлер көп қой... Соның ішінде — Сенсің, аға, бір әулие біз көрген!!

Ақ нөсердегі көрік берген өмірге, Кім тебіренбес — жерді жарған дүбірге!! Алаш даңбыс асқақтатқан әлемге — Сен берген, Мың рәхмет — Тәңірге!!

Хамитбек МҰСАБАЕВ.

...Тудың сен де — Ахан туған Ақкөзде, Тұрдың толқып — Жахан туған Қызылде... Қайтер едің, айналалың, ағай, Туған болсан — өзге жерде, өзге елде?!

Дүние есігін — айқара аштың Торғайда, Торғайдай — киесі зор жер қайда?! Аспанына алып шықты Алаштың, Жарқыраған бақ жұлдызың маңдайда!

Жасамалсын — қай кезде де шалалық, Бала боп та — көрсетпесің балалық. Жар боп әрқаз Ахан-Жахан аруағы, Кепті саған — ораймен даналық!!

Өткізбелсің — бір күніңді құр босқа, Бірдей болсын — ағайыңа, жолдасқа... Шығысың-ау биігіне Қаныштың — Ғалым болып, Президент боп марғасқа!!